



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Кант определяет государство как соединение большего (меньшего) числа лиц под действием права. Таким образом, Кант изображает государство как правовую организацию. Цели государства, по Канту, - не счастье граждан, а торжество идеи права.

В основу классификации форм правления Кант положил два признака: число законодательных лиц; наличие (отсутствие) разделения власти. По первому признаку формы правления делятся на автократические, аристократические, демократические. По второму признаку: республиканские, деспотические. Автократия - одна из лучших форм. Демократия - худшая, так как наиболее сложная форма правления.

Кант много работал над темой «народ и власть».

Народ не имеет прав сопротивляться высшей законодательной власти. Государственная власть не может иметь частную собственность, так как иначе она могла бы забрать всю собственность и уничтожить ее.

Кант утверждает, что правомерны только оборонительные войны, так как народы в них отстаивают свою независимость. Он отрицает, что во время войны все дозволено и считает необходимым запретить коварные средства: шпионаж, тайные убийства. Война не может быть сама по себе целью, но может быть только средством для восстановления мира народов.

Цель человечества - стремление к миру.

Кант предлагал организовать федерацию государств, в которых государственный строй каждого государства должен быть таким, в котором осуществлено разделение власти.

Список использованных источников

1. Асмус В. Ф. Иммануил Кант. - М.: Высшая школа, 2005.
2. Гулыга А. В. Немецкая классическая философия. - М.: Рольф, 2001.
3. История правовых и политических учений / Под ред. О. Э. Лейста. - М.: Зерцало, 2006.
4. Кузнецов В. Н. Немецкая классическая философия. - М.: Высшая школа, 2001.
5. Нерсисянц В. С. История правовых и политических учений. - М., 2007.
6. Новгородцев П.И. Кант и Гегель в их учениях о праве и государстве. - СПб: Алетейя, 2000.
7. Мамут Л.С. Политические и правовые учения в Германии в конце XVIII – начале XIX в. - М., 1995.
8. Суслова Л. А. Философия И. Канта. - М. Высшая школа, 1988.
9. Четвернин В. Современные концепции естественного права. М.: Наука, 1998.
10. Шульц И. Разъясняющее изложение "Критики практического разума". - М: Книжный дом "ЛИБРОКОМ", 2010.

ӘОЖ 342.4 (574)

ЖОО БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМДЫ ДАМУҒА МӘСЕЛЕСЕРІ

Сәтілда Ақжол

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің «Құқықтану»
мамандығының 1-курс студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекші – Б.Ө.Алтынбасов

Ежелгі заманнан бері білім мен ғылымның негізгі көзі кітап. Кітапнама (немесе *Библиография*) (көне грекше: *biblion* – кітап және көне грекше: *drapho* – жазу) – баспа өнімдері жөнінде ақпараттық мағлұмат беріп, оларды жүйелі насихаттайтын ғылыми-практикалық қызметтің бір саласы. Ол кітаби мұраларды, библиография тарихын, теориясын, библиография қызметін ұйымдастыру жолдарын зерттейтін ғылыми пән ретінде де қолданылады. Баспа өнімдерін іріктеп, оларды жүйелі түрде саралау, ғылыми сипаттама беру және қысқаша мазмұнын ашу арқылы библиография ғылым мен мәдениет дамуының деңгейін айқындауға көмектеседі, ғылыми-зерттеу жұмыстарына бағыт сілтейді, белгілі бір ғылыми қағидаларды,

саяси, философия және эстетика көзқарастарды, техника жетістіктерді таратуға мүмкіндік туғызады.

105- жылы, яғни біздің заманымыздың II ғасырында қарапайым Қытай шебері Цой Лунь қағазды ойлап тапты. Ескі шүберектен жасалған Самарқанның сарғыш қағазы әлемге әйгілі болды. XIII ғасырда қағаз жасау өнері Шығыстан Батысқа қарай тартады. Баспа кітап өнерінің тууы-кітаптың дамуына кең жол ашты. Алғашқы ағаш баспа қалыбы XI ғасырда пайда болды. 1045 жылы Чин өнерпазы Би-Шен құймалы әріптерді жасап шығарды.

Қазақ жерінде кітаптың шығуы Қазақстанның Россияға қосылуымен байланысты. Бұған дейін қазақ халқының кітаптары көбінесе араб әрпімен жазылып, қолжазба түрінде тарады. 1800 жылы патша үкіметі Россия халықтарының тілдерінде кітап шығаруға рұхсат етті. Осыған орай Қазақстанның: Қазан, Уфа, Орынбор, Ташекент, Семей, Омбы қалаларында кітаптар шыға бастады.

Ежелгі Грекияда пайда болып, кітап шығару ісімен тығыз байланысты, әдеби және ғылыми сынмен салаласа дамыған. Кейін білімдердің дараланып, сала-салаға бөлінуіне байланысты библиография ғылымның жеке бір саласына айналды. Қазақстанда 1937 жылы баспа өнімдерінің міндетті данасын бір орталыққа жинау белгіленген. Осының негізінде баспасөз өнімдерін тіркеу және оларды мазмұнына, ғылыми және идеялық мәніне қарай топтастыру жұмыстары жүрді. Яғни, олар басылым түрлеріне (кітап, мерзімді баспасөз, т.б.), сыртқы белгілеріне (авторы, атауы, жарыққа шығу мерзімі мен орны), мазмұнына (тақырыптық, пәндік, жүйелік) қарай топтастырылды. Ежелгі Грекияда пайда болып, кітап шығару ісімен тығыз байланысты, әдеби және ғылыми сынмен салаласа дамыған. Кейін білімдердің дараланып, сала-салаға бөлінуіне байланысты библиография ғылымның жеке бір саласына айналды. Қазақстанда 1937 жылы баспа өнімдерінің міндетті данасын бір орталыққа жинау белгіленген. Осының негізінде баспасөз өнімдерін тіркеу және оларды мазмұнына, ғылыми және идеялық мәніне қарай топтастыру жұмыстары жүрді. Яғни, олар басылым түрлеріне (кітап, мерзімді баспасөз, т.б.), сыртқы белгілеріне (авторы, атауы, жарыққа шығу мерзімі мен орны), мазмұнына (тақырыптық, пәндік, жүйелік) қарай топтастырылды.

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы байлығының бірі – білім. Ал білім саласы алуан түрлі. Ұрпақтан – ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл – ойының жинағы мен жетістігі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани мұрасы мен өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» - деген еді Ғабит Мүсірепов.

Кітап тандап талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерінді өмір қажетіне жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі. Міне осы асыл қазынаны оқу қазіргі таңда төмендеп отыр. «Кітап маған тақтан да қымбат», - деп атап көрсеткен Шекспир.[1. 28-29 бет]

Қазіргі таңда ЖОО кітаптың маңызы өте үлкен. Оқу әрдайым кітаппен байланысты. Оқу – ол кітап мазмұнын ұғыну ойына үңілу. Оқу кітапта графикалық белгілермен берілген ақпаратты меңгеру. Әр бір білімін жетілдіргісі келген адам кітапты оқиды.

Кез келген адам, ақыл иесі ретінде, өмір сүруге және оған қоса өзінің білімін жетілдіріп отыруға міндетті. Кітап ең мықты ой иелерінің ойластырып, құрастырғандарының жақсысын береді. Сондықтан оқу әр адам үшін қажет, оқусыз өмір мағынасыз өмір болып қалады. Конфуций: «Ойланбай оқу – бекер еңбек; оқымай ойлау – қауіпті,» - деген. Ал Сенека: «Қорғанды оқудан ізде, сен өмірдің барлық қайғы-қасіретінен құтыласың. Күндіздің қамы түнде күрсіндіруін қояды, сен өз-өзіңе масыл және басқаларға пайдасыз болмайсың,» - деп жазған.

Кітап, бізді көбірек алғыр ойлауға баулып, албырт сезімді тежеуге, ішкі ойлау күші арқылы біздің барлық ойлау және сезіну қабілетімізді қалыптастыратын сезім тәрізді ми гимнастикасы болып табылады (Пьер Гито Вокелен). Кітап – ол дос, жұбатушы, басшы, біздің түсініксіз және белгісіз болып қалған ойымыз бен сезімімізді қалыптастыруға көмекші; кітап өзінің мазмұнымен нәр татқызып, рухани қолдау береді.

Біздің қызметіміздің әр күні, барлық азаматтардың мемлекет өміріне саналылықпен және шығармашылықпен қатысуының маңыздылығын дәлелдейді. Ал ол қоғамымыздың әр мүшесінің мәдениеттілік деңгейін көтеру мен өздігінен білім алуда және көзқарасын қалыптастыруда көбірек өзіндік шығармашылық танытуын талап етеді. Өздігінен білім алу, ой-өрісін жетілдіру – ол тек қана ғылым, әдебиет, мәдениет құндылықтарын өздігінен оқып білу ғана емес, сондай-ақ өзін тәрбиелеу әдістемесі бойынша қажетті білім алу, теорияны практикамен байланыстыра білу, жаңалықтарды күнделікті өмірге белсенді түрде енгізу.

Өздігінен оқу өздігінен білім алудың ең қолайлы жолы, ал кітап – ой еңбегінің әлде қайда кең таралған құралдарының бірі болып табылады. Бүгінгі күндерге шейін А. С. Пушкиннің оқу – ол ең жақсы білім деген ойы өзінің мағыналық тереңдігін жоғалтқан емес.[2]

Жоғары білім берудің ажырамас салаларының бірі – ғылым. Білім дегеніміз не? Ғылым дегеніміз не? Бұндай күрделі сауалдың жауабын атақты ғалымдар мен ойшылдар еңбегінен табуға болады. Революционер орыс ғалымы, философ, жазушы, А.И.Герцен «Ғылым-күш; ол заттардың арақатынасын және олардың заңдылықтары мен өзара әрекеттестігін ашып көрсетеді» - деп ғылым анықтамасын білдірсе, танымал ағылшын философы және социологы Г.Спенсер «Ғылым–білімнің ұйымдастырылған нысаны» деп ой топшылайды. Бұдан шығатын қорытынды қоршаған дүниенің тылсым құбылыстарын зерттеп анықтаудың,оның беймәлім заңдылықтарын табудың басты құралы ғылым болып табылады. Ал ғылымның теориялық негізі білімнен тұратындығы өзінен-өзі-ақ түсінікті жайт. Яғни қоғамның кез келген саласының мәселелерін зерттеуде негізгі акцент ғылым мен білімге келіп тірелетін болып шығады. Кез келген ғылым жайлы айтпас бұрын оның негізгі объектісі не болып табылатындығын жете түсіну өте маңызды. Әр ғылымның өзінің қамтитын саласы мен ғылыми кеңістігіне байланысты зерттеу объектілерінің түрлері де әрқалай болып келетіні айдан анық[3. 9-10 б.].

Жоғарыда ғылым жайлы айтылған тұжырымдамаларды талдай келе, барлығымызға белгілі ЖОО негізгі білім беру мен ғылымды игеру құралы - кітап.Ендігі орайда, отандық ЖОО білім берудің негізгі құралы кітаптің дамуына көңіл аударсақ. Мемлекет пен қоғамның дамуында негізгі әсер ететін білім мен ғылым екені анық. Осыған орай мемлекеттердің дамуы жақсы мамандар мен ғалымдарға байланысты. Ал, жақсы маман мен ғалымдарды тәрбиелейтін құрал кітап екенін ұмытпау жөн. Елімізде ғылымның дамуына көңіл бөлінуде. Мысалы, монографиялар, ғылыми жұмыстар мен диссертациялар маңызды тақырыптарды қозғап, мемлекеттің дамуына үлес қосып жатыр.

Жалпы алғанда, қоғамның қымбат қазынасы – адам өмірі мен оның еңбегі. Оның жан-жақты дамып, кең өріс алуына ілім-ғылымның қосар қазыналы үлесі орасан зор. Мұны, сөз жоқ, жоғары мектеп пен ғылымның арғы-бергі даму тарихынан да, әлемдік өркениеттің өріс-өресінен де, Еуропалық білім кеңістігінен де, ең бастысы бәсекеге қабілеттіліктің барша өлшем, нысаналарынан да толық тануға болады. Бұл, әсіресе қазіргі кезеңде кең өрісті, соны серпінді сипат алған–ақпараттық технологиялық бағыттар тұсында айқын көрініс береді. Өмірдің қарапайым қағидаттарына, күнделікті тәлім-тәрбиенің негізіне сүйенсек, сөз бен іс-әрекеттің бірлігінде, теория мен практиканың өзара байланысында зор маңыз бар. Бұдан байқалатыны, білім мен ғылым жүйесіндегі өзара үндестік пен сабақтастық-теория мен тәжірибенің байланыс-бірлігін айқындайтын айрықша факторлардың қатарына жатады [4. 3-4 б.].

Біздің елімізде кез келген азаматқа кәсіби білім алып, өз мамандығымен айналысуына барлық мүмкіндіктер, қажетті игілік көздері бар. Қоғам мен мемлекетті дамыту үшін білім алуға деген талпынысы бар кез келген адам қазіргі білім беру стандарттарына сай білім алып, мемлекеттің одан әрі гүлденуіне өз үлесін қоса алады. Өкінішке орай, көптеген еліміздің азаматтары мен азаматшалары бұл істен шет қалып отыр. Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының мемлекетті дамыту тұрғысындағы жүргізіп отырған саясатының ең бір кемшін тұсы-адам капиталының дамуына жеткілікті мөлшерде көңіл бөлінбеуі. Әлем елдерінің қазіргі даму тенденцияларына анализ жасағанда мемлекеттік бюджетті адам капиталының дамуына жұмсап отырған мемлекеттер қазіргі таңда әлеуметтік-экономикалық тұрғыда дамудың жаңа сатысына көтеріліп,саяси аренада өзіндік орны бар, басқа мемлекеттер санасатын әлемдік болмаса да, аймақтық державаларға айналып отыр. XX ғасырда

экономикасы мен әлеуметтік жүйесі ұзақ уақыт бойы жүргізілген отарлаудың нәтижесінде стихиялық апат алдында тұрған Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азияның Оңтүстік Корея, Малайзия, Сингапур, Гонконг сияқты елдері бүгінгі таңда әлем мойындаған «Азия жолбарыстарына» айналып отыр. Мысал ретінде алатын болсақ, Оңтүстік Корея мемлекеті Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ-тың қолдап-қуаттауымен Солтүстік Кореядан бөлінген, елуінші жылдардың орта тұсында тынымсыз соғыстардан берекесі кеткен, ішер ас, киер киімінің өзін әрең тауып отырған өте кедей мемлекет болатын. Дүниежүзілік банктің есебі бойынша сол тұстағы Кореяның ІЖӨ-сі жан басына шаққанда 100 доллар шамасында болса, ал 1994 жылы Оңтүстік Корея экономикасы қуатты қарқынмен дамыған бай мемлекеттердің қатарына (ІЖӨ-сі жан басына шаққанда 38500 доллар) еніп, Швейцария мен Финляндияның деңгейіне жетті. Небәрі 40 жылдың ішінде Корея экономикасы мен мемлекетінің саяси-әлеуметтік сипатта осыншама дамуының басты сыры мемлекеттің жүргізіп отырған саясатының білім мен ғылымды, инновациялық технологияларды, адами капиталды дамытуға бағытталып отырғандығында болды. Бұл - мемлекет пен қоғамның дамуындағы білім-ғылымның, адами капиталдың орасан зор маңызын көрсететін бір ғана мысал[5. ж.б.].

Жоғары оқу орындарында сапаны арттыру үшін инновациялық бағдарламалар әзірленді. Соның негізгілерінің бірі – «Қазақстан Республикасы білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы». Осы бағдарлама арқылы мемлекетіміз ЖОО білім беру жүйесін Еуропалық үлгідегі әлемдегі жетекші орындағы ЖОО терезесін теңестіруді жоспарлады. Ол мемлекетіміздің барша экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық салаларының дамытуды жеделдететіні айқын. Ондағы мақсат білікті мамандарды тәрбиелеу.[6]

Қорытындылай келе, «Қазақстан – 2050» бағдарламасының негізгі мақсаты - келешекте 30 елдің қатарына қосылуда жоспарлаған еліміз, ЖОО алдымен өзге елдер мен білім мен ғылымның терезесін теңестіру қажет. Себебі, ғылым мен білім мақсатқа жол салатын алтын көпір. Біздің еліміз дамыған елдердегі алдыңғы қатардағы білім беру жүйесіне бірте-бірте өту жолында. Ендігі орайда ЖОО мамандардың біліктілігін арттыру барысында мемлекетіміз алдыңғы қатардағы 30 елдің қатарына енетіні анық. Осы бағдарламаларды іске асыра отырып, білімнің негігі құралы кітаптың қазақ тілінде ЖОО әр түрлі пәндердің кітап ақпаратының аздығына байланысты мынадай толықтыруларды Жоғары білім беру жүйесіне енгізуді ұсынамын:

- Біріншіден, ағылшын тілінен аударып жаңа оқулықтар басып шығару;
- Екіншіден, кейбір кітаптарда ақпараттардың қоғамның дамуына орай ескіргендерін жойып жаңа ақпараттармен толықтырып жаңартып отыру;

Ұсынылған ұсыныстар толық орындалса, мемлекетіміздің білімі мен ғылымы алдыңғы қатардағы дамыған елдер мен терезесін теңестіреді.

Жоғары білім беру кез - келген дамыған мемлекет үшін басқа да көптеген қоғам салаларын дамытудың алтын кілті. Бірақ, оны мемлекет тарапынан дұрыс түрде құқықтық жағынан реттеп, ішкі, сыртқы саясатпен ұштастыра отырып дамыту еліміздің алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазіргі әлемде болып жатқан саяси тұрақсыздық пен күрделі ахуал тұсында “Нұр Отан” Халықтық Демократиялық партиясының XVI съезінде ұсынған реформалар жиынтығы мемлекетті нығайтып, Қазақстанды әлемдегі жетекші 30 елдің қатарына жетелеуі тиіс. Осы енгізіліп отырылған бес институционалдық реформа мемлекеттің алдағы даму бағытын анықтайды. Реформаның негізгі мақсаттарының бірі мемлекеттік қызмет жүйесін реттеу мен дамыту болғандықтан, мемлекет пен қоғамды алға қарай дамуына ықпал ететін шешуші құралдардың бірі ретінде білім мен ғылымды дамыту басты назарға алынған.

ЖОО-да алып жатқан білімді практикада көбірек қолдансақ білімімізді шыңдау болып саналатын еді. Сол себепті де, елімізде көптеген жастарға арналған білім жүйесі бойынша мемлекеттік бағдарламалар жетерлік. Елімізді дамыған 30 елдің қатарына қосу, әрі қарай дамыту, тек келешек ұрпақ, біздің қолымызда. Сол себепті, білімнің қайнар көзі – кітапты көбірек оқуымыз керек. Қазақстанда білім сапасын көтеру үшін ЖОО-ның деңгейі көтерілуі

керек. Қазіргі таңда мемлекеттік оқу орындарында ғана студенттердің білім алуына жақсы жағдай жасалынған. Ал, жеке меншік оқу орындарында білім сапасы өкінішке орай, орташа деңгейде. Сол себепті де, мемлекеттік пен жеке меншік ЖОО құзырлы министрліктің тарапынан қысқартылып, ықшамдалып жатыр. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі оқулықтар сөзбе-сөз емес, ілеспе аудармаға көп көңіл бөлінсе деген ұсынысым бар. Себебі, бүгінде оқулықтар сөзбе-сөз аударылғандықтан көп қатерге ұрынып жатыр. Қорыта келе, ЖОО-да білім сапасы одан әрі жақсарылса, мемлекетіміздің дамуы сөзсіз жоғарылайды деген ойдамын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кәрішалова К. Кітапхана жаңа ғасыр мәдениетінде (балалар әдебиеті проблемалары)// Саясат. - №3. - 2006.
2. Добрынина, Н. Е. По ступеням культуры чтения/ Н. Е. Добрынина//Библиотекосведение. - 2000. - №3. - С.53-57
3. Матузов Н.И., Малько А.В. Мемлекет және құқық теориясы/ Оқулықты орыс тілінен қазақшаға аударған: Б.Ө.Алтынбасов. Алматы: ЖШС «АйСан-Пресс» баспа үйі, 2013. - 583 б.
4. Тұрысбек Р., Мақала:«Білім кеңістігі: жоғары білім мен кемел ғылымды дамытудың басым бағыттары», // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы.
5. «Аймақтың даму стратегиясындағы ғылым мен білім» (Қ.И.Сәтбаев туғанына 100 жыл толуына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары)., Қарағанды, 1999 ж.
6. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400002014>

ӘОЖ 342.4 (574)

ЖАСТАРДЫ ЖОО КЕЙІНГІ КӘСІБИ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сәтілда Ақжол

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің «Құқықтану» мамандығының 1-курс студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекші – Н.Д. Мырзатаев

Akzhol_13@mail.ru

Түйіндеме

Жастарға жоғары білім беру арқылы қоғамдағы бар мәселе шешіле қоюы екі талай. Қоғамның әлеуметтік мәселесінің бірі ретінде жоғары білім саласын зерделеуге тырысқан. Жоғары білім беру саласын дамыту «Қазақстан 2050» бағдарламасының негізгі идеясын жүзеге асыру тетігі ретінде теориялық талдау жасап өз ойын баяндаған.

Кілттік сөздер: жоғары білім, жастар, «Қазақстан - 2050» бағдарламасы, білім туралы заң, әлеумет.

Республикамыздың дамуына байланысты жоғары білім беру саласы әлемдік білім беру кеңістігіне ену жолында күннен-күнге реформаларды жетілдіру қажеттігін бастан кешуде. Елбасымыздың жолдауларында және 2050-стратегиялық бағдарламасына орай алға қойған мақсатқа жетудің бірден бір жолы ғылымды дамыту екенін ашық түрде хабарлауда. Елбасымыз Тәуелсіздігімізді бекіткен күнненхалық алдына жоғары мақсат бекітті. Онда «Қол жеткізген тәуелсіздігіміз 1991 жылы Қазақстан Республикасы алдына маңызды бір міндет қойды, ол – әлемдік қауымдастыққа кіру, ал отандық білім беру жүйесіне қойылған міндет – халықаралық білім кеңестігімен үйлесу» - деп нақты жария етті. Осыған орай білім беру саласындағы мемлекеттік саясат алға қойылған мақсаттар аясында заңнамалық базаны, басқару жүйесін және білім беруді қаржыландыруды реформалау бағытында жүзеге асырылды.

Қазақстандықтардың білім алуға тең құқығы көбінесе ұлттық білім берудің құқықтық базасына және моделіне байланысты. Бәсекеге қабілетті білім беру жүйесін құру – біздің алдымызға қойылған жаһандық міндет, өйткені біз күшті, гүлденген Қазақстанды құру